

Жастарға әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстарын бірлесіп құру мен ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі 1994 ж. 7 шілде N 4-5г, 25 шілде 1994 ж. N 21/3, 11 шілде 1994 ж. N 5-1, 15 шілде 1994 ж. N 25 км, 15 шілде 1994 ж. N 9, 13 шілде 1994 ж. N 10 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 10 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 256

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 315, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылғы 30 мамырдағы N 77-с, ҚР Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 356, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 9 маусымдағы N 154-п, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 7 маусымдағы N 270 Бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін және нормативтік құқықтық базаны қолданыстағы заңнамамен сәйкестендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 256 болып тіркелген "Жастарға арналған әлеуметтік қызмет жұмысын құру және ұйымдастыру жөніндегі біріккен шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт жөніндегі министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі алқасының 1994 жылғы 7 шілдедегі N 4-5; 1994 жылғы 25 шілдедегі N 21/3, 1994 жылғы 11 шілдедегі N 5-1, 1994 жылғы 15 шілдедегі N 25, 1994 жылғы 15 шілдедегі N 9, 1994 жылғы 13 шілдедегі N 10 қаулысының күші жойылды деп танылсын...

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Білімі және ғылым министрі

Ішкі істер министрі Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі Қазақстан Республикасы

спорт министрі Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және

Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

Тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу кезеңінде және жаңа экономикалық байланыстарға көшу барысы жастар арасында әлеуметтік проблемалардың ушығып, оның жағымсыз жақтарын тудыруына ақпал етуде. Бұл жас азаматтардың әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, дәрігерлік-биологиялық, заң және жастарға басқа да көмек түрлерін шешуде жаңа көзқарас керек екендігін көрсетуде.

Қазақстан Республикасының "Қазақ ССР-індегі жастар мемлекеттік саясаты туралы Заңында", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 мамырындағы /N 340/ "жастарға әлеуметтік қызмет көрсетуді қолға алу туралы" қаулысында жастарға әлеуметтік қызмет көрсетуді қолға алу қарастырылған. Бұл жұмыс Қазақстанның бірқатар аймақтарында басталып та к е т к е н .

Аталған қаулыны бұдан әрі жүзеге асыру үшін және жастарға әлеуметтік қызмет көрсетуді қалалық және аудандық деңгейде шешу, бірігіп жұмыс жүргізуді үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің алқасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі тармақтары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылдың 3 мамырындағы қаулымен бекітілген жастарға әлеуметтік қызмет көрсету ережелеріне сәйкес жастарға әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстарын бірлесіп жасау оны ұйымдастыру іс шараларын жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі мен оның тармақтары жастарға жергілікті жерде әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырып, осы бағыттағы барлық жұмыстарды үйлестіріп, әлеуметтік қызмет көрсету саласы кадрларын оқытуды ұйымдастырсын.

3. Денсаулық сақтау органдары Әлеуметтік қызмет көрсету саласы емдеу мәселесі қызметкерлеріне біліктіліктерін арттыру үшін ұйымдастыру-әдістемелік көмектерін көрсетсін. Мемлекеттік медицина мекемелерін Әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстарына психиаторлар, психотерапевтер, наркологтар, урологтар, гинекологтар, сексопотологтар, тері аурулары басқа да медицина қызметкерлерін кеңес берушілер ретінде қатыстыруды қамтамасыз етуі қажет.

4. Қалалық және аудандық мемлекеттік елді еңбекпен қамту мекемелеріне ұйымдастыру, ақпараттық көмектер көрсету қажет. Жастардың еңбек биржаларына ақпараттық көмек көрсете отырып, бірыңғай ақпараттық жүйеге топтастыру қажет. Жастар ісі, туризм және спорт басқармаларына кәмелеттік жасқа толмағандар мен жас азаматтардың түрлі категориялары үшін еңбек қайтарымы орталықтарын ашуға көмектесу қажет.

5. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, жергілікті білім басқармалары әлеуметтік қызмет үшін маман психологтар және басқа да мамандар дайындауы керек. Жастар ісі, туризм және спорт басқармаларымен бірлесе отырып, оқу-тәрбие мекемелерінде әлеуметтік қызмет филиалдарын ашулары қажет.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аудандық және қалалық органдары үйінен кетіп қалған балаларға паналайтын орын дайындауға, сондай-ақ мінезі қиын кәмелеттік жасқа толмағандар мен еңбекпен түзету мекемелерінен босап шыққандардың ақтау орталығы ұстауға ақпараттық әдістемелік көмектер көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі балалар, кәмелеттік жасқа толмағандар, жас азаматтар, жас отбасы, жас мүгедектерге арнап мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу үшін ұйымдық-тәсілдік, практикалық көмектер көрсетуге мәдениет мекемелерінің қатысуын қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Жастар ісі, туризм және
спорт министрі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы
Еңбек министрі Білім министрі

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі Мәдениет министрі

Қазақстан Республикасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК